

**«Қарағанды техникалық
университеті» КЕ АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
(23.12.2021 ж. №10 хаттама)**



**Коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын
«Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
туралы ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі
НҰСҚАУЛЫҚ**

Қарағанды - 2021

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын «Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) туралы ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) – «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, қоғамның жарғысына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және қоғамның коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын мәліметтер туралы жалпы нормаларды, сондай-ақ оларды заңсыз жария етуден қорғауга бағытталған шараларды белгілейді.

Осы Нұсқаулық «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы N 349-1 Заңымен және «Қызметтік пайдалану үшін» деген белгісі бар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен регламенттелетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпиялары бар қызметтік ақпаратпен жұмыс істеу тәртібіне қолданылмайды.

1.2 Нұсқаулықта келесі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) коммерциялық құпия – жария етілуі, алынуы, пайдаланылуы Қоғам мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін адамдардың шектеулі тобы заңды негізде еркін қол жеткізе алатын, Қоғам айқындастын және қорғайтын ақпарат.

2) Құпия ақпарат – қолжетімділігі шектеулі кез келген ақпарат, сондай-ақ ашылуы үшінші тұлғаларға елеулі артықшылықтар беретін немесе қоғам немесе ақпарат берген мүдделі тарап үшін елеулі қолайсыз салдарлары бар, үшінші тұлғаларға белгісіз болғандықтан нақты немесе әлеуетті құндылығы бар кез келген ашылмаған ақпарат, осыған байланысты оған қол жеткізу шектелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі актілеріне немесе Қоғам мен үшінші тұлғалар арасындағы келісімдерге сәйкес қорғалады.

1.3 Құпия ақпаратты қорғау коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғалатын ақпаратқа қол жеткізу құқығы жоқ адамға қабылдау үшін кез келген қолжетімді нысанда жария етуге тыйым салудан тұрады.

1.4 Жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратқа жалпыға белгілі мәліметтер және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Жарғыда және қоғамның өзге де ішкі құжаттарында қолжетімділігі шектелмеген және қөзделген өзге де ақпарат жатады.

1.5 Қоғамның коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын мәліметтерді ашық жариялау, ұсыну қажеттілігін, олардың көлемін, жариялау (ұсыну) нысаны мен уақытын Басқарма Төрағасы – Қоғам ректоры айқындаиды.

2. Қоғамның коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын мәліметтер тізбесі

2.1 Қоғамның коммерциялық құпиясын келесі мәліметтер құрайды:

1) қоғам органдарының өндірістік, ұйымдастырушылық және өзге де мәселелер бойынша шешімдерді әзірлеуі, қабылдауы және орындауы туралы мәліметтер (қоғам органдары мен лауазымды адамдарының шешімдері және олардан туындастырылған өзге де материалдар мен құжаттар);

2) жүзеге асырылуы осындағы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін айрықша құқықтар кешенімен (домендік атауларға, дерекқорларға және компьютерлік бағдарламаларға) жиынтықта белгілі бір желілік адрестер бойынша ақпараттық-телекоммуникациялық желіде орналастырылған ақпарат;

3) ақпараттық қорғаудың қолданылатын тәсілдері туралы мәліметтер;

4) қоғамның банк шоттары бойынша ақшаның болуы, қалдықтары және қозғалысы туралы мәліметтер;

- 5) бухгалтерлік есептің бастапқы құжаттары мен тіркелімдерінің мазмұны;
- 6) жасалған шарттарға (келісімдерге) сәйкес Қоғам контрагенттерінің құпия ақпараты болып табылатын мәліметтер;
- 7) күзет сигналізациясы және қоғам объектілерін қорғау жүйелерін ұйымдастыру тәртібі туралы мәліметтер;
- 8) зияткерлік меншік объектілеріне қатысты мәліметтер, ноу-хау.

2.2 Құпия ақпаратқа да мыналар жатады:

- 1) жалпыға қолжетімді ақпаратты қоспағанда, дербес деректер (дербес сипаттағы ақпарат), қоғам қызметкерінің жеке басын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтер немесе деректер қоса беріледі;
- 2) жалпыға қолжетімді ақпаратты қоспағанда, Қоғам қызметкерлері туралы жеке мәліметтер (жеке өмір, аурулар туралы мәліметтер);
- 3) Қоғам қызметкерлерінің еңбек шарттарының мазмұны;
- 4) электрондық цифрлық қолтаңбалар;
- 5) занды негізде оған шектеулі тұлғалар тобы еркін қол жеткізе алатын, Қоғам айқындастын және қорғайтын өзге де ақпарат.

3. Қоғамның коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясына жататын мәліметтерге қол жеткізу

3.1 Қоғамның коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын мәліметтерге Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Қоғамның коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясын қамтитын мәліметтер мен құжаттарға өздерінің қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті көлемде ғана қол жеткізе алатын басқа да қызметкерлерінің қолжетімділігі болады.

3.2 Қоғам қызметкерінің Қоғамның коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын мәліметтерге қол жеткізуі ол еңбек шартында көзделген осы мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемеге қол қойғаннан кейін жүзеге асырылады.

3.3 Қоғамның коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясын қамтитын құжаттар құзыретіне осы құжаттарда көрсетілген ақпарат жатқызылған Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде сақталады.

3.4 Бөгде ұйымдардың қызметкерлері осы ұйымдар мен қоғам арасында құпиялышық туралы келісім және/немесе шарт, орындалатын тапсырманың тақырыбын және қызметкердің тегін, атын және әкесінің атын көрсете отырып, өздері жұмыс істейтін ұйымдардың уәжді жазбаша сұрау салуы болған кезде құпия ақпараты бар құжаттармен танысуға және олармен жұмыс істеуге жіберілуі мүмкін.

3.5 Коммерциялық құпияны құрайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе көшірмелері орындаушыда тапсырманы орындау үшін қажетті мерзім ішінде, олардың сақталуы толық қамтамасыз етілген жағдайда, оның жеке жауапкершілігінде болуы мүмкін.

3.6 Жұмыскерлердің жұмыс үстелдерінде, желілік және көшіру техникасында коммерциялық құпияны құрайтын құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерін қалдыруына жол берілмейді.

3.7 Коммерциялық құпияны құрайтын құжаттарды жоғалту немесе олардағы мәліметтерді жария ету фактілері мен жағдайлары туралы құрылымдық бөлімшенің басшысына дереу хабарланады.

4. Жауапкершілік

4.1 Қызметкер жауапты:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, осы Нұсқаулыққа және еңбек шартының талаптарына сәйкес коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын құжаттарды есепке алудың, пайдаланудың, көбейтудің, сақтаудың

және жоюдың белгіленген тәртібін сактау.

2) коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария ету;

3) коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді заңсыз пайдалану;

4) Осы Нұсқаулықтың ережелерін бұзу.

4.2. Коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария еткен немесе заңсыз пайдаланған жағдайда қызметкер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптік, азаматтық-құқықтық және өзге де жауаптылықта болады.

